



Тараз қ. Орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі

2022 ЖЫЛҒЫ

Мерейттер кітаптар

Виртуалды көрме



Тараз-2022

Құрметті оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға 2022 ж. мерейгер кітаптарға арналған виртуалды көрмемізді ұсынамыз.

Әр кітаптың өз тарихы, оның жарыққа шыққан күні, шыққан жылы бар. Осы уақыттан бастап кітаптың жасы есептеле бастайды. Адамдар сияқты кітаптардың да мерейтойлары бар.

2022 жылы мерейгер кітаптардың тізіміне енген кітаптардың ішінен бірқатар кітаптарды сіздердің назарларыңызға ұсынамаз :

1. Сайын Мұратбеков «Жабайы алма» повесіне 50 жыл
2. Ақселеу Сейдімбек «Ақиық» повесіне 50 жыл
3. Кемел Тоқаевтың «Түнде атылған оқ» детективтік повесіне 50 жыл
4. Шерхан Мұртазаның «41-ші жылғы келіншек» повесіне 50 жыл
5. Зейін Шашкиннің «Доктор Дарханов» романына 55 жыл
6. Хамза Есенжановтың «Ақ жайық» романына 65 жыл
7. Мәлік Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым» әңгімесіне 75 жыл
8. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші кітабына 80 жыл













9. Тайыр Жароковтың «Тасқын» поэмасына 85 жыл
10. Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасына 85 жыл
11. Бейімбет Майлиннің «Күлпәш» әңгімесіне 100 жыл
12. Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасына 105 жыл
13. Сәкен Сейфуллиннің «Бақыт жолында» пьесасына 105 жыл


Жазушылар мен ақындар өз туындыларымен адамдарды таңдандырып, сүйсіндіре алса, олар мәңгі ұмытылмайды. Ал кітаптардың мерейтойын тойлау оларды тағы да бір оқып шығуға себеп болмақ.

Сіздерге сәтті сапар біздің виртуалды көрмемізге!





84(5Қаз) Мұратбеков, С. Жабайы алма
М84 [Мәтін] : [повесть] / Сайын
Мұратбеков. - Алматы: Атамұра,
2002. – 400 б.



*Сайын Мұратбековтың
«Жабайы алма» повесіне
(1972)*

50 жыл


Қазақ прозасының хас шеберлерінің бірі Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» атты шығармасы, кезінде қолдан қолға тимей оқылатын дүние еді...

Соғыс тауқыметіне тап болған ел тіршілігі, ондағы адамдар тағдыры, балалар өмірі «Жабайы алма» повесінде терең оймен, көркем шынайылықпен шебер суреттелген. Онда әкеден айырылған бала, ұлынан айырылған ана, жардан айырылған жесір, сүйгенінен айырылған қалыңдық, бұғанасы қатпай ауыр еңбекке араласқан балалар, осы жүктің барлығын көтеріп, мүгедек, ауру-сырқаулығына қарамай жұмысқа араласқан шал-кемпір бәрінің бейнесі бар.

Жазушының бұл туындысы соғыс жылдарындағы ауыл өмірі, ауыр тұрмыс, қажырлы еңбек, адалдық пен адамгершілікті сөз етеді. Сондай-ақ, адамдық бейнені, адамгершілік қасиетті жоғалтпауға, өмірге деген үмітті үзбеуге үндейді.

Сонау сұрапыл соғыс жылдарындағы қабырғасы кайысқан балалық шақ пен бүгінгі балалар мен үлкендердің тұрмыс-тіршілігіндегі ұқсас жайттарды көзі қарақты, зерделі оқырман тап басып тани қояры ақиқат. Бұл шығарма бүгінгі кезең шындығымен астарласып жатқанымен де құнды.

84(5Қаз) Сейдімбек, А. Аққыз [Мәтін]:
СЗІ повестер мен әңгімелер / Ақселеу
Сейдімбек. - Алматы: Атамұра, 2002. –
288 б.



*Ақселеу Сейдімбектің
«Ақиық» повесіне
(1972)*

50 жыл

Жинаққа жазушының оқырман қауым ықыласына бөленген «Күзеуде», «Аққыз», «Ақиық» сияқты повестері мен әңгімелері енді.

Бұл шығармаларда халқымыздың рухани биік парасаты, төлтума қасиеттері, мәдени бітімі шыншылдықпен көрініс тауып, ата-бабаның арман-аңсары, адам өмірінің мәні мен сәні сөз болады. Жазушының құнарлы тілі, халықтың тарихы мен өмір салтына жүйріктігі айрықша ден қойғызады.

Ақселеу Сейдімбектің «Ақиық» повесіне биыл 50 жыл.


Аңшылық-саятшылықтың өзгеше сыр-сипатын барынша бабымен баяндап, бүркітті балапан емес, еркін өсіп ержеткен сайыпқыран кезінде қолына қондырып, баулып-баптап, төңірегіндегі ел-жұртты тандандырған құсбегі Сыздықтың өнерінің сөзбен суреттелуі. Ақселеу Сейдімбек қазақтың күй өнерін қалай төгілдіре, егілдіре, аңсата, жаңғырта жазса, саятшылық өнерінің қыр-сырын да тап солай өрнектеп шыққан. Осы «Ақиықта» қыран баулудың сан түрлі әдіс-тәсілі тәптіштей түсіндіріліп, аңшы-саятшының әрбір әрекет-қимылы тарата талдап әңгімеленген.

Кемел Тоқаев - соғыс тақырыбына арналған сүбелі шығармаларымен қатар, қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының жолын ашқан қаламы қарымды көрнекті қаламгер. Оқырманды баурап алар шытырман оқиғалы көптеген роман, повестерімен, қалың қауымның ықылас-ілтисатына бөленген қаламгердің көп томдығының бірінші кітабына «Солдат соғысқа кетті» романы мен «Түнде атылған оқ», «Тасқын» повестері енді.

«Түнде атылған оқ» детективтік повесіне биыл 50 жыл толады. Бұл шығармада еліміздің қауіпсіздігін, адамдардың тыныштығын қорғау жолында еңбек етіп жүрген сақшы қызметкерлердің Отан, халық алдындағы парыз-міндеттерін терең сезініп, күн-түн демей жан аямай жасаған табанды да жанкешті әрекеттері барынша шынайы суреттеледі.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

821.512.122 Тоқаев, К. Шығармалары
Т52 [Мәтін] 1 т. [Роман және повестер] / Кемел Тоқаев. - Алматы: Ана тілі, 2017. – 384 б.



*Кемел Тоқаевтың
«Түнде атылған оқ»
детективтік повесіне
(1972)*

50 жыл

84(5Қаз) Мұртаза, Ш. Жеті томдық
М84 шығармалар жинағы [Мәтін]. 7 т.
Әңгімелер / Шерхан Мұртаза. -
Алматы: Қазығұрт, 2005. – 400 б.



*Шерхан Мұртазаның
«41-ші жылғы келіншек»
повесіне (1972)*

50 жыл

Шерхан Мұртазаның бұл жинағына әр жылдары жазған әңгімелерінің ең тандаулылары шоғырландырылған «41-ші жылғы келіншек», «Бір нәзік сәуле», «Сол бір күз» және тағы басқа әңгімелері енген. Оларда Ұлы Отан соғысы тұсындағы және одан кейінгі қазақ ауылдарының тұрмысы үлкен шеберлікпен бейнеленген.

Жазушының «41-ші жылғы келіншек» атты әңгімесіне биыл 50 жыл толады. Әңгімеде, Хадишаның өмір бойы күткен Мақсұт есімді жары майданға кеткеннен оралмады. Хадиша күні-түні Мақсұтты күтумен болады.


Шерхан Мұртаза өзінің шығармаларында адам бейнесін табиғаттың сұлулығымен астастыра өте көркем бейнелейді, әрі әр кейіпкердің ойын терең түсіне отырып, адам мен табиғаттың тынысы бір екенін көрсете білді. Табиғаттың тұтастығын теңшеген тіршілік атаулыны философиялық тұрғыдан безбендеуге баса көңіл бөлінген әңгімелер де әсерлі әрі тартымды.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Зейін Шашкиннің қаламынан көпшіліктен жоғары баға алған көптеген шығарма шықты. Заманның көкейкесті мәселелерін қозғайтын “Доктор Дарханов” романы да сол санаттағы бірегей туынды. Онда жазушы өмір шындығын адам тағдырымен шеңдестіріп, шебер суреттейді.

Дәрігердің міндеті - ауруды емдеу ғана емес, ауруды болдырмауға қамқорлық жасау, қайткенде халық денсаулығын жақсартуға түсуге күш салу, дәрігер өз ісінің білікті маманы болып қана қоймай, ар-ожданы таза, адамгершілік қасиеті зор азамат болуға тиіс дейтін идеялар Зейін Шашкин шығармаларының өзегі болып табылады.

Шашкиннің “Доктор Дарханов” романы мазмұны жөнінде ғана емес, жазылу формасы жағынан да қазақ совет әдебиетінде оқшау туынды. Оқшау болатын себебі - ол қазақ әдебиетінің тарихында дәрігерлер өміріне арналған тұңғыш роман еді.


84(5Қаз) Шашкин, З. Доктор Дарханов
Ш32 [Мәтін] / Зейін Шашкин. - Алматы :
ҚАЗАқпарат, 2001. – 340 б.



*Зейін Шашкиннің
«Доктор Дарханов»
романына (1967)*

55 жыл

84(5Қаз) Есенжанов, Х. [Көп томдық Е79 шығармалар жинағы] [Мәтін]. [1 т.] Ақ жайық: трилогия; [Төңкеріс үстінде : роман] / Хамза Есенжанов.- Алматы: МЕРЕКЕ, 2013. – 520 б.



*Хамза
Есенжановтың «Ақ
Жайық» романына
(1957)*

65 жыл

Орал өңірі, жаңа өмірдің іргесін қалаған адамдардың ауыр да азапты тағдыры, олардың осы революцияға келу жолы жан-жақты бейнеленген Хамза Есенжановтың “Ақ Жайық” трилогиясы сонау Азамат соғысының Батыс Қазақстандағы сұсты, сұрапыл жылдарының шындығын жеткізеді.


Жазушыға 1967 жылы Абай атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік сыйлығын алып берген бұл шығарма жаңа заманға бетбұрыс жасаған қиын-қыстау кезеңнің қатерлі бір оқиғасынан басталатын. Ызғырақ табы тарاماған көктемнің көңілсіз бір түні, 1918 жылдың 29 наурызы, арандатушылардың Оралдағы контрреволюциялық бүлігі жаңа орнаған Совет үкіметін құлатып, революция жастарын, большевиктерді қанға бояйтын қаралы оқиғадан бастап, біз кітап бетінен еркіндік жорығындағы ерлердің елімен, жерімен, халық тағдырымен сабақтас біртұтас күресін көреміз.

Бұл кітапқа Совет Одағының Батыры, белгілі ғалым, жазушы Мәлік Ғабдуллиннің Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында, Мәскеу түбінде неміс басқыншылығына қарсы асқан жаңқиярлықпен күрескен қазақстандық жауынгерлердің қаһармандық ерліктері хақында жазылған әңгімелері мен очерктері енгізілген.


*Мәлік Ғабдуллиннің
«Менің майдандас
достарым» әңгімелеріне
(1947)*

75 жыл

84(5Қаз) Ғабдуллин, М. Менің майдандас
F13 достарым [Мәтін]: әңгімелер мен
очерктер - А.: Жазушы, 1985. - 392 б.



84(5Қаз) Әуезов, М. Абай жолы [Мәтін] :
Ә82 роман-эпопея. 1 кітап / Мұхтар
Әуезов. - Алматы: Жазушы, 2013. –
376 б.



*Мұхтар Әуезовтің
«Абай жолы» роман-
эпопеясының бірінші
кітабына (1942)*

80 жыл

МАЗМҰНЫ

Қайтқанда	3
Қат-қабатта	57
Жолда	89
Шығырманда	134
Бел-белесте	180
Өрде	231
Қияда	279
Түсініктер	366

Қазақтың маңдайына біткен ұлы жазушы Мұхтар Әуезов – әлемге әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы. Ол қазақтың көркем прозасын классикалық деңгейге көтерді. Мұхтар Әуезов осы роман-эпопеясында қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өмірін, қазақтың ұлттық дәстүрін жан-жақты ашып көрсетті. Ақынның 50 жылғы өмірінен сыр шертеді.


I том бозбала Абайдың ауылға қайтуынан басталады. Абай Қодар мен Қамқаның жазалануына, жер дауына, Кәмшаттың тағдырына куә болады. Қарқаралыға барып, Шөже ақынмен танысады. Түйеөркеште Тоғжанды кездестіреді.

Биыл «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші кітабына 80 жыл.

Ұлы Отан соғысының ардагері, халқымыздың айтулы ақындарының бірі Тайыр Жароков қырық жылға жуық шығармашылық еңбегінің нәтижесі ретінде отыздан астам кітап жазыпты. Өз заманының жаршысы бола білген ақын жыл өткен сайын шеберлігін шыңдай түскенін осы жинақтан да көруге болады. Осы жинақтың ішіндегі «Тасқын» поэмасына биыл 85 жыл толады.

«Тасқын» поэмасында 1921 жылы Алматыда болған су тасқынын суреттей отырып, «Қайсар мен Жамал» секілді қарапайым жастардың бейнесін типтік дәрежеде жасай білді. Тайыр Жароков келген алғашқы жылдардан бастап өмірінің соңына дейін айналадағы табиғат көріністерін үздіксіз жырлап өткен ақын.


84(5Қаз) Жароков, Т. Күн тіл қатты [Мәтін]:
Ж 32 өлеңдер мен поэмалар / Тайыр Жароков. -
Алматы: Атамұра, 2007. – 256 б.



*Тайыр Жароковтың
«Тасқын» поэмасына
(1937)*

85 жыл

84(5Қаз) Жансүгіров, І. Құлагер [Мәтін]:
Ж27 өлеңдер мен поэмалар / Ілияс
Жансүгіров. - Алматы: Атамұра,
2003. – 360 б.



*Ілияс Жансүгіровтің
«Құлагер»
поэмасына (1937)
85 жыл*

Қазақ халқының аса көрнекті, дүлдүл ақыны Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығы өзіндік шеберлігімен, әсем нақышты бояуларымен ерекшеленеді. Өлең - жырларында оның өз халқын, туған жерін, елін шексіз сүйген ең нәзік сезімі кестеленген. Ұлттық поэзияның өрнекті үлгілері «Құлагер», «Күй», «Рүстем қырғыны» поэмалары қазақ әдебиетінің алтын қорынан айрықша орын алады.

Бұл жинақта ақынның «Құлагер» поэмасына биыл 85 жыл.

«Құлагер» поэмасы – Ілияс Жансүгіровтің эпикалық жырларының ең соңғысы және поэзиясының ең биік шыңы. Поэмаға арқау болған оқиға – Ақан сері мен тұлпар аты Құлагер. Поэма сюжетін құрайтын оқиғалар адамды бейжай қалдырмайды. Құлагердің өлімі Ақан үшін өте ауыр болады. Ол айдалада Құлагердің басын құшақтап, көзінен қанды жас аққанша жылайды. Құлагер – Ақан серінің сұлулығы, идеалы. Ақын мен тұлпар өмірі ажырамас тұтастық.

84(5Қаз) Майлин, Б. Әңгімелер [Мәтін] /
М14 Бейімбет Майлин. - Алматы: Ан Арыс,
2009. – 368 б.



**Бейімбет Майлиннің
«Күлпаш» әңгімесіне
(1922)**

100 жыл

Қазақ әдебиетінің классигі, көркем сөздің қайталанбас хас шебері Бейімбет Майлиннің оқырманға ұсынылып отырған бұл бір томдығына жазушының әдебиетіміздің алтын қорынан берік орын алған бір топ әңгімелері: «Шұғаның белгісі», «Көшпелі махаббат», «Даудың басы — Дайрабайдың көк сыйыры», «Күлтай болыс», «Арыстанбайдың Мұқышы», «Кұла ат», «Күлпаш», «Кұрымбайдың жігітшілігі», «Желдібай Жыңдыбаев», «Бекберген мектебі», «Сары алатон», тағы да басқа қалың оқырманға кең танымал шығармалары топтастырылған.

Жазушының «Күлпаш» әңгімесіне биыл 100 жыл.


Бейімбет Майлиннің «Күлпаш» әңгімесі – ел басына түскен ашаршылықтың шындығын көрсеткен шығармалардың бірі. Онда аштық алдындағы дәрменсіздік, ұлы мен күйеуінің аштықтан аман қалуы үшін Күлпаштың ойда жоқ әрекетке баруы, яғни басқа ерге шығуы әңгімеленеді.

Бұл шығармалары ұлттық бояуының қанықтығымен, бір-біріне ұқсамайтын сан-алуан кейіпкерлерінің қазақы мінез, болмысқа бай табиғатымен ерекшеленеді.

Мұхтар Әуезовтің тұңғыш көркем туындысы «Еңлік-Кебек» Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» дастанының негізінде жазылып, 1922 жылы Орынборда басылған. Пьесаның жыр түрінде екі нұсқасы бар: біріншісі – 1912 жылы Абай ұсынған тақырып бойынша Шәкәрім жазған «Жолсыз жаза», екіншісі – Мағауия Абайұлы жазған «Еңлік-Кебек» дастаны. «Еңлік-Кебек» – екі жастың махаббатын суреттейтін шығарма. Шығармадағы қанды оқиға 18 ғасырдың 80-жылдары Абай мен Мұхтар туған топырақта болған. Пьесада жастардың пәк махаббаты екі рулы елдің қырқысына айналып, соны трагедиямен аяқталады. Адал махаббаттың құрбаны болған жастардың сүйіспеншілігінің куәсіндей жас нәресте өмірге келеді. Алайда Тобықты мен Матайдың қатыгез билері қос ғашықты өлтіреді. Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында дастан кейіпкерлері Еңлік пен Кебекке ескерткіш орнатылған.

Кітап қалың оқырманға, сондай-ақ ғылыми жұртшылыққа арналған.

84(5Қаз) Әуезов, М. Шығармаларының елу **Ә82** томдық толық жинағы [Мәтін]. 1 т. Мақалалар, пьесалар. 1917-1920 / Мұхтар Әуезов. - Алматы: Дәуір: Жібек жолы, 2014. – 464 б.



*Мұхтар Әуезовтің
«Еңлік-Кебек»
пьесасына (1917)*

105 жыл

84(5Қаз) Сейфуллин, С. Бес томдық
С32 шығармалар жинағы [Мәтін]. 2 т.
Поэмалар мен пьесалар / Сәкен
Сейфуллин. - Алматы: Жазушы,
1987. - 272 б.



*Сәкен Сейфуллиннің
«Бақыт жолында»
пьесасына (1917)*

105 жыл

Сәкен Сейфуллин – жаңа дәуірді ерекше жырлаған жаңашыл ақын. Қазақ әдебиетіне бұрын болмаған образдар мен теңеулер, сөз оралымдарын әкелген шығармашылығымен жаңа бағыттағы әдеби дәстүрдің негізін салушы болды.

Сәкен Сейфуллин - өмірде де, әдебиетте де белсенді күрескер ақын. Кітапқа ақынның қаламынан жаңа өмір жолында күреске шақырған «Бақыт жолына», «Қызыл сұңқарлар» атты пьесалары, «Көкшетау», «Альбатрос», «Қызыл ат» атты поэмалары мен пьесалары топтастырылған.


«Бақыт жолына» пьесасында драмаға лайықты сипат сақталған. Пьесада үгіттік бағытынан, көркемдік және тарихи шындықтың тұтастығынан, оқиғаның құжаттық дәлділігінен, этнограф бедерінің сақталуынан көрінеді.


Кітап көпшілік оқырман қауымға арналады.

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы иіліктерінің бірі - білім қазынасы. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихи мән тағылымының алтын сандығы. "Кітап дегеніміз - алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік" - деген еді Фабиіт Мүсірепов. Кітап таңдап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерді өмір қажетіне жаратпа білу - әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі.

Әр ұлттың, елдің келешегі мен болашағын баян еткен, тарихи мән өткенін жыр еткен де - кітап болатын. Сондықтан да, "кітап әлемдегі құпиялы ұлы газжайыптардың бірі", - дейді Торький. Онда біз әлі білмейтін, естіп оқымаған құр-сырлы көп. Оны тек кітаппен дос болған адам ғана құпиясын ашып, газжабын танып біле алады.

Сондықтан бәріңізді кітап оқуға шақырамыз!





*Виртуалды көрме
Тараз қаласы ОККЖ
ақпараттық-библиографиялық
қамтамасыз ету бөлімінде
жасалды.*

csmb@bk.ru
libr.e-taraz.kz

 [csmb_taraz](https://www.instagram.com/csmb_taraz)

 [Библ Абая](#)

